**2025-2026 оқу жылының күзгі семестрі**
**7М01101 – Педагогика және психология мамандығы**

| Пәннің ID және атауы | Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ) | Кредиттер саны | | Кредиттердің жалпы саны | Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Дәрістер (Д) | Семинар сабақтар (СС) | | |
| **Андрогогика және ересектерді оқыту технологиясы** | 4 | 15 | 30 | 5 | 6 |

**ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ**

| Оқыту түрі | Циклы, компоненті | Дәріс түрлері | Семинар сабақ түрлері | Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы |
|---|---|---|---|---|
| Күндізгі оффлайн | теориялық, практика-лық | Аналитикалық, проблемалық дәрістер, дәрістер-консультация-лар | Тапсырма-ларды орындау, ситуация-лық тапсырма | Емтихан<br><br>Жазбаша оффлайн |
| **Дәріскер(лер)** | Қоңырбаева Сараш Сахиқызы – п.ғ.к., қауымд.профессор | | | |
| **e-mail:** | sarash.konyrbayeva@mail.ru | | | |
| **Телефоны:** | +7 701 440 38 60 | | | |

**ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ**

| Пәннің мақсаты | Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)* | ОН қолжеткізу индикаторлары (ЖИ) |
|---|---|---|
| андрогогиканың заманауи негіздерін басшылыққа алуда заманауи және тәжірибелік мүмкіндіктерді ескере отырып, білім беру жүйесіндегі жұмыстар барысында ересектерге білім беру технологияларын жобалау және іске асыру қабілетін қалыптастыру, салыстыру, талдау, әдіс-тәсілдерге жүгіну арқылы педагогикалық тұрғыдан әртүрлі қырынан сүйемелдеуді меңгерту | 1. Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында жоғары мектептің дидактикасы мен тәрбие теориясын білу негізінде ЖОО-да педагогикалық процесті жобалау және іске асыру, оқыту және тәрбиелеу саласындағы кәсіби міндеттерді тиімді шешу үшін жаңа тәсілдер мен әдістерді іздеуді жүзеге асыру (ОН 3) | 1.1 үздіксіз білім беру контекстінде ересек адамды оқыту және тәрбиелеу туралы білім жүйесін меңгерген |
| | | 1.2 ересектерді оқыту мен тәрбиелеудің негізгі принциптерін, түрлерін, формалары мен ерекшеліктерін анықтайды |
| | | 1.3 ересек жастағы кадрларды даярлаудың оқыту бағдарламалары мен инновациялық технологияларын жобалау және іске асыру әдістерін қолданады |
| | 2. Тұлғаны дамыту үшін білім берудегі инновациялық және арт-әдістерді, оқыту стратегияларын, әдістері мен технологияларын талдау және креативті қолдану, колледждер мен жоғары оқу орындарында оқыту кезінде педагогика мен психологияның мазмұнын құрылымдау (ОН4) | 2.1 ересек адамның дамуының негізгі психофизикалық заңдылықтарын анықтайды және сипаттайды, олардың оқыту мен тәрбиеге әсерін негіздейді |
| | | 2.2 ересектерді оқыту процесінде тиімді қарым-қатынас әдістерін меңгерген |
| | | 2.3. ересектерді оқыту мен тәрбиелеудегі бейресми, ақпараттық білім берудің әртүрлі түрлерінің мүмкіндіктерін талдайды және негіздейді |
| | 3. Мәдени-тарихи және іс-әрекеттік психология негізінде білім беру, тәрбиелік, зерттеу жағдайларын талдау және оларды ескере отырып педагогикалық және зерттеу қызметін жобалау, синергияның заманауи принциптерін пайдалану, ғылыми нәтижелерді интеграциялау (ОН 5) | 3.1 "өмір бойы оқу" қағидатын іске асырудың негізгі тенденцияларын түсіндіреді: адамдардың оқуға әмбебап және тұрақты қол жеткізуін қамтамасыз ету, адам ресурстарына инвестицияларды ұлғайту, оқытудың белсенді әдістерін әзірлеу, оқудың құндылығын арттыру және т. б. |
| | | 3.2 андрагогика әдістері мен технологияларын білу негізінде педагог-психологтың кәсіби міндеттерін нәтижелі шешуге қабілеттілігі мен дайындығын көрсетеді |
| | | 3.3 ересек адамның жеке басының дамуындағы үздіксіз білім берудің маңыздылығын негіздейді және дәлелдейді |
| | 4. Жеке тұлғаны және жалпы білім беру жүйесін дамытуда NLP, андрогогика және кеңес беру технологияларын олардың | 4.1 ересектердің әртүрлі санаттарының білім беру және өзін-өзі тәрбиелеу ерекшеліктерін анықтайды және сипаттайды |

| | | |
|---|---|---|
| | заңдылықтарын, өзара байланысын, құндылықтарын білу негізінде талдау және қолдану (ОН 9) | 4.2 ересектерге білім беруде өзара әрекеттесу технологияларын, ересек адамның өзін-өзі тәрбиелеу әдістерін қолданады |
| | | 4.3. Отандық шетелдік білім беруде ересектерді оқытуды ұйымдастырудың заманауи тұжырымдамалық тәсілдерін зерттейді және талдайды |
| **ɪреквизиттер** | Жоғары мектеп педагогикасы, Білім беру мен психологиядағы мәдени-тарихи және әрекеттік тұғырлар | |
| **стреквизиттер** | Педагогикалық практика, Ғылыми зерттеу жұмысының орындалуы | |
| **у ресурстары** | **Әдебиеттер**<br>**Негізгі:**<br>1. Тұрғынбаева Б.А. Андрагогика: оқу құралы. – Алматы: Алатау, 2011. - 180 б.<br>2. Қабекенов, Ғ.У. Андрагогика: оқу құралы /2-бас. – Алматы: Дарын, 2022. -243 б. – ISBN 978-601-08-2397-6<br>3. Қабекенов, Ғ. Ересектерге білм берудің қалыптасуы мен даму тенденциялары. – Ақтау, 2015. - 220 б.<br>4. Громкова, М.Т. Андрагогика: теория и практика образования взрослых: учебное пособие / М. Т. Громкова. – Москва: Юнити-Дана, 2017. – 496 с.<br>**Қосымша:**<br>1. Әбілдина С.Қ., Мухамбетжанова А. Андрагогика негіздері: дәрістер курсы. – Қарағанды, 2019.<br>**2.** Оспанова Б.А, Бейсембаева К.Д. Акмеология: оқулық. – Алматы: 2014. - 392 б.<br>**3.** Баршаға қолжетімді сапалы білім/ Педагогтердің I съезіне Ұлттық баяндама жобасы. – Астана, 2023.<br>**Ғаламтор ресурстары:**<br>1. http://elibrary.kaznu.kz/ru<br>2. Переосмысление педагогики для цифровой эпохи. Дизайн в обучении XXI века: учебник / Х. Битэм; [пер. С.К. Омарова; отв. ред. Б.З. Отарбаева]. - 2-е изд. – Алматы, 2019. – 351 с. 1574335885958.pdf (kaznu.kz)<br>**3.** https://www.youtube.com/watch?v=EqOaYltrvdw | |
| **Пәннің академиялық саясаты** | Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық саясатымен айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.<br>**Ғылым мен білімнің интеграциясы.** Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.<br>**Сабаққа қатысуы.** Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.<br>**Академиялық адалдық.** Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушыныңдербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жолберілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттар мен регламенттеледі.<br>**Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.** Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық білім алушылар үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.<br>•Мүмкіндігі шектеулі студенттерге 87014403860 телефон, sarash.konyrbayeva@mail.ru e-пошта бойынша кеңес пен көмек ала алады.<br>**Назар салыңыз!** Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау балл жоғалуына әкеледі. | |

## БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

у жетістіктерін есептеудің балдық-
ітингтік әріптік бағалау жүйесі

| га | Баллдардың сандық баламасы | %мәндегі баллдар | Дәстүрлі жүйедегі баға |
|---|---|---|---|
| | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| - | 3,67 | 90-94 | |
| .+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағатта-нарлық |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | Қанағатта-нарлықсыз |
| D | 1,0 | 50-54 | |

**Бағалау әдістері**

**Критериалды бағалау** – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қолжеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.

**Формативті бағалау** – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.

**Жиынтық бағалау** – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен аракатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқунәтижелері бағаланады.

| Формативті жәнежиынтық бағалау | % мәндегі баллдар |
|---|---|
| Дәрістердегі белсенділік | 5 |
| Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі | 20 |
| Өзіндік жұмысы | 25 |
| Жобалық және шығармашылық қызметі | 10 |
| Қорытынды бақылау (емтихан) | 40 |
| **ЖИЫНТЫҒЫ** | 100 |

## ОҚУ КУРСЫ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУ КҮНТІЗБЕСІ (КЕСТЕСІ). ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІ

| Апта | Тақырып атауы | Сағат саны | Макс. балл*** |
|---|---|---|---|
| | **Модуль 1. АНДРАГОГИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** | | |
| 1 | **Д 1.** Андрагогика білім беру ғылымының жаңа саласы ретінде | 1 | |
| | **СС 1.** Андрагогиканың негізгі ұғымдары мен категориялары | 2 | - |
| 2 | **Д 2.** Андрагогикадағы әдіснамалық мәселелер | 1 | |
| | **СС 2.** Андрагогика ғылымын зерттеудегі алғышарттары | 2 | - |
| 3 | **Д 3.** Ересектерге білім берудің психологиялық ерекшеліктері | 1 | |
| | **СС 3.** Педагогика және психология ғылымдарындағы адамның даму сатыларына сай кезеңдер және олардың маңызы | 2 | |
| | **МОӨЖ 1.** Пәнді игеру бойынша әдістемелік ұсынымдар | | |
| 4 | **Д 4.** Андрагогикадағы ересек ұғымы және жас ерекшеліктер кезеңдерінің жіктелуі | 1 | |
| | **СС 4.** Жас ерекшеліктеріне қатысты ұлттық ұғымдар және олардың танымдық маңызы | 2 | 10 |
| | **МӨЖ 1.** ЮНЕСКО-ның ересектерге білім берудің теориялық және практикалық аспектілерін дамытудағы рөлі (Білім Қазіргі әлемдегі ересек адамды әлеуметтік қорғау факторы ретінде) | | 25 |
| 5 | **Д 5.** Ғалымдардың зерттеулеріндегі ересектер психологиясы | 1 | |
| | **СС 5.** Ересектер психологиясына қатысты ғылыми тұжырымдарға талдаулар | 2 | 10 |
| | **МОӨЖ 2.** Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын орындауға кеңес беру | | |
| | **Модуль 2. ЕРЕСЕКТЕРДІ ОҚЫТУ МЕН АНДРАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ** | | |
| 6 | **Д 6.** Қазақстандағы андрагогикалық білім берудің қалыптасуы мен даму кезеңдері, ересектерді оқытудың жай-күйі | 1 | |
| | **СС 6.** Ересектерге білім берудің тарихи кезеңдері мен оқытудң түрлері | 2 | 10 |
| 7 | **Д 7.** Шет елдердегі ересектер білімінің даму тенденциялары мен бағыттары | 1 | |
| | **СС. 7.** Әлемдік деңгейдегі ересектер білімінің қарастырылуы | 2 | 10 |
| | **МӨЖ 2. : Ересектердің ұлттық құндылықтар негізінде қоғамдағы және отбасындағы атқаратын әлеуметтік және этноәлеуметтік рөлдері.** | | 25 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Д 8.** Ересек адамдарды оқытудағы андрагогикалық қағидалар | 1 | |
| | **СС 8.** Ересектерді үздіксіз білім беру жүйесінде оқыту | 2 | 10 |
| | **МӨӨЖ 3.** Аралық бақылауды тапсыру бойынша жұмыстар жүргізу | | |
| **АЛЫҚ БАҚЫЛАУ** | | | **100** |
| | **Д 9.** Ересектерге арналған оқулықтар тарихы | 1 | |
| | **СС 9.** Ересектерді заман талабына бейімдеу жобаларын әзірлеудің шарттары | 2 | 5 |
| | **МӨӨЖ 4.** Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын орындауға кеңес беру | | |
| 0 | **Д 10.** Андрагог мамандарды даярлау мәселелері | 1 | |
| | **СС 10.** Андрагог-маманның заманауи моделі | 2 | 5 |
| | **МӨЖ 3.** Герантология ғылымы: қарттар психологиясын зерттеу арқылы өмірді жақсартудың заманауи мүмкіндіктері | | 25 |
| | **Модуль 3. ЕРЕСЕКТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ** | | |
| 11 | **Д 11.** Әлеуметтендіру теориясы | 1 | |
| | **СС 11.** Модульдік оқыту ересектерге білім беру технологиясы ретінде. | 2 | 5 |
| | **МӨӨЖ 5.** Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын орындауға кеңес беру | | |
| 12 | **Д 12.** Қазақ халқының салт-дәстүрлеріндегі ересектер тәрбиесінің көрінісі | 1 | |
| | **СС 12.** Басқа этникалық қауымдастық жағдайында бейімделудің андрагогиялық мәселелері | 2 | 5 |
| 13 | **Д 13.** Мұражай педагогикасының ересектер үшін тәрбиелік мәні | 1 | |
| | **СС 13.** Жұмыссыздарды даярлау және қайта даярлау. Ересектерге білім берудегі халықтық университеттер. | 2 | 5 |
| | **МӨЖ 4.** «Белсенді ұзақ өмір» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы: тәжірибелер мен перспективалары | | 25 |
| 14 | **Д 14.** Пенитенциярлық білім беру | 1 | |
| | **СС 14.** Бизнес-мектептер кәсіптік білім беру ересектер. Ересектерге білім берудегі халықтық (күміс) университеттер. | 2 | 5 |
| | **МӨӨЖ 6.** Емтихан сұрақтары бойынша қайталаулар | | |
| 15 | **Д 15.** Герантология – карттық туралы ғылым | 1 | 5 |
| | **СС 15.** «Белсенді ұзақ өмір» мемлекеттік бағдарламасының және жүзеге асырылуы | 2 | 5 |
| | **Қорытынды бақылау** | | 10 |
| **2-АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ** | | | **100** |
| **Қорытынды бақылау (емтихан)** | | | **100** |
| **Пән үшін жиынтығы** | | | **100** |

**Философия және саясаттану**
**факультеті деканы __________________________________________ Б.Б. Мейрбаев**
**Оқыту және білім беру сапасы бойынша**
**Академиялық комитетінің төрағасы ___________________________ А.Б. Альчимбаева**
**Кафедра меңгерушісі __________________________________________ Н.С. Алгожаева**
**Дәріскер ______________________________________________________ С.С. Қоңырбаева**

## ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
## ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

**1-БӨЖ. Тапсырма атауы: «ЮНЕСКО-ның ересектерге білім берудің теориялық және практикалық аспектілерін дамытудағы рөлі» жоба жұмысын орындау**
**Қарастыратын мәселелері:** ЮНЕСКО-ның әлеуметтік мәселелерді қолдау мүмкіндіктерін карастыру; Ересектерге білім берудің маңыздылығы мен басты теориялары; Білім беру – ересектерді әлеуметтік қорғау факторы; Қазақстан жағдайындағы ересектерге білім беру және оларды дамыту туралы тұжырымдар мен жеке ұсыныстар
**(АБ 100%-ның 25%) (25 балл)**

| **Критерийі** | **«Өте жақсы»** 20-25 % | **«Жақсы»** 15-20% | **«Қанағаттанарлық»** 10-15% | **«Қанағаттанарлықсыз»** 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| **Тақырыпты біліп және түсініп, талдауы және бағалауы:** | Тақырыпты терең түсініп, мазмұнын ғылыми тұрғыда сараптаған. Өзіндік талдау мен бағалау бар. Авторлық көзқарас анық. | Тақырыпты түсінген, негізгі ойлар анық, бірақ барлық аспектілер толық зерттелмеген немесе өзіндік оймен тұжырымдау әлсіздеу | Тақырып ішінара ашылған, жалпы түсінік бар. Дегенмен әлсіз тұстары көбірек. ЖИ материалдарын өзіндік өңдеу жетіспейді. | Тақырып ашылмаған немесе түсініксіз. ЖИ-ге тапсырма дұрыс берілмеген. |
| **Дерек-дәлелдер, дәйектемелер қолдануы мен логикасы:** | Ғылыми дәйектер мен логика жүйелі, нақты аргументтер келтірілген. Дәлелдерді көрсеткен дереккөздерін нақты көрсеткен. | Дәйектеме мен логика жеткілікті, бірақ кейбірі үстірт берілген. Әлде де нақтылауға болатын еді. | Аргументтер әлсіз, дәйектеме жетіспейді. Әлде де біраз нақтылап көрсету жетіспейді. | Аргументтер жоқ немесе қате. Дайын материалдарды пайдаланып қоя салған. |
| **Ақпарат көздерін пайдалануы** | 5-тен астам сапалы, заманауи ғылыми дереккөздер пайдаланылған. Пайдаланған сілтемелері бар. | 3–4 сенімді дереккөз пайдаланылған. Дереккөздерін көрсетуге тырысқан. | 1–2 дереккөз ғана пайдаланылған, кейбірі нақты емес немесе дайын материалдарды қоя салған. | Ақпарат көздері көрсетілмеген немесе сенімсіз. |
| **Шешімдер ұсынуы және сауаттылығы** | Өзекті шешімдер ұсынған, тілдік жағынан сауатты, қатесіз. Өзіндік ой тұжырымы байқалады. | Шешімдер бар, бірақ толық емес. Сауаттылығы орта деңгейде. | Шешімі нақты емес, тілдік қателер кездеседі. Сауаттылыққа көңіл аудармаған. | Шешімдер жоқ, тілдік сауаттылық төмен. \| |

**2-БӨЖ. Тапсырма атауы: Ересектердің ұлттық құндылықтар негізінде қоғамдағы және отбасындағы атқаратын әлеуметтік және этноәлеуметтік рөлдері**
**Қарастыратын мәселелері:** Ұлттық құндылықтар және оның тәрбиеге ықпалы; Әрбір адамның атқаруға тиісті әлеуметтік рөлдері және этноәлеуметтік рөлдері; Ересектердің бұл рөлдерді атқарудағы қоғамдағы беделінің айқындалуы; Қазақ қоғамындағы ақсақалдар институтын (ардагерлер кеңесі, аталар мектебі, әкелер мектебі, әжелер мектебі, аналар мектебі, ағалар мектебі, жеңгелер мектебі, т.б.) жаңғырту мен сақтау арқылы ұрпақ тәрбиесіне ықпалын анықтау.
**(АБ 100%-ның 25%) (25 балл)**

| **Критерий** | **«Өте жақсы»** 20-25 % | **«Жақсы»** 15-20% | **«Қанағаттанарлық»** 10-15% | **«Қанағаттанарлықсыз»** 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| **Тақырып бойынша қарастыратын мәселелерді кеңінен ашуы** | Ересектердің ұлттық құндылықтар негізінде қоғамдағы және отбасындағы атқаратын әлеуметтік және этноәлеуметтік рөлдері туралы тақырып аясындағы мәселелер кең көлемде, жан-жақты талданған. | Ересектердің ұлттық құндылықтар негізінде қоғамдағы және отбасындағы атқаратын әлеуметтік және этноәлеуметтік рөлдері бойынша Негізгі мәселелер көрсетілген, кейбір тұстары толық емес. | Зерттелетін тақырып шектеулі деңгейде ашылған, үстірт қаралған. Негізгі мәселелерге толық тоқталмаған. ЖИ материалдарын өзіндік өңдеу жетіспейді. | Тақырып ашылмаған немесе бағыттан ауытқыған жұмыс ұсынылған. ЖИ-ге тапсырма дұрыс берілмеген. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ұғымдардың мәні мен мазмұнын түсінуі, тарихы деректерге шолу** | Тақырыпқа қатысты ұғымдардың мәні нақты ашылған, тарихи деректермен терең шолу жасалған. | Зерттелетін мәселе бойынша ұғымдарды түсінуде аздаған үстірттік бар, тарихи дерекке шолу жеткілікті. | Өзіндік жұмысты орындауда ұғымдар толық ашылмаған, деректер жеткіліксіз. | Ұғымдар қате түсінілген немесе мүлде жоқ, тарихи деректер қолданылмаған. \| |
| **Жұмыстың ұсынылуы мен құрылымы, сауаттылығы** | Тақырып бойынша жұмыс құрылымы өте жақсы ұйымдастырылған, сауатты | Өзіндік жұмысты орындауда құрылымы мен қарастыратын мәселелер сақталған, аздаған тілдік қателер бар. | Өзіндік жұмыстың құрылымы әлсіз, грамматикалық қателер кездеседі немесе ұқыптылық жетіспейді. | Құрылым сақталмаған, сауатсыз жазылған. \| |
| **Өзіндік пайымдау мен тұжырымдары** | Зерттеу тақырыбы бойынша авторлық көзқарас айқын, өзіндік тұжырымдары логикалық және толық негізделген. | Әлеуметтік және этноәлеуметтік рөлдердің сақталуы бойынша өзіндік пайымдаулары бар, бірақ толық негізделмеген. | Өзіндік жұмысты орындауда автордың жеке пікірлері көрініс таппаған, жалпы сипатта ғана ұсына салған. | Өзіндік көзқарас жоқ, тұжырым жасалмаған. |

**3-БӨЖ: Тапсырма атауы: Герантология ғылымы: қарттар психологиясын зерттеу арқылы өмірді жақсартудың заманауи мүмкіндіктері**
**Қарастыратын мәселелері:** Герантология ғылымы және оның негізгі зерттеутін нысаны; Қарттар психологиясы бойынша тұжырымдар; Қартаюдың әлеуметтік теорияларына талдау жасау; Қартаю және кәрілік ұғымдарының қандай айырмашылығы бойынша тұжырымдар жасау
**(АБ 100%-ның 25%) (25 балл)**

| Критерий | «Өте жақсы» 20-25 % | «Жақсы» 15-20% | «Қанағаттанарлық» 10-15% | «Қанағаттанарлықсыз» 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| **Тақырыпты біліп және түсініп, талдауы және бағалауы** | Герантология ғылымында қарттар психологиясын зерттеу арқылы өмірді жақсарту тақырыбы бойынша терең зерттелген, ғылыми тұрғыда нақты талданып, өзектілігі толық ашылған. | Зерттеу тақырыбы жеткілікті талданған, аздаған толықтырулар болғанда толыққанды орындалған болар еді. | Зерттеу тақырыбы үстірт қаралған, тұтас талдау жоқ, жқмыс өз деңгейінде орындалмаған. | Өзіндік жұмыс бойынша тақырып ашылмаған, мазмұн бағыттан ауытқыған. |
| **Дерек-дәлелдер, дәйектемелер қолдануы мен логикасы** | Құнды дәйектер мен сенімді дәлелдер қолданылған, логикалық тұтастық сақталған. | Герантология ғылымы бойынша негізгі дәлелдер келтірілген, бірақ логикада аздаған сәйкессіздік бар. | Өзіндік жұмыс тақырыбы бойынша дәлелдер шектеулі, логикалық байланыстыру әлсіз. | Дәлелдер жоқ немесе негізсіз, логика бұзылған. |
| **Ақпарат көздерін пайдалануы** | Герантология ғылымы бойынша негізгі ресми және ғылыми ақпарат көздеріне негізделген, дұрыс рәсімделген. | Герантология ғылымы бойынша негізгі ақпарат көздері жеткілікті, бірақ рәсімдеуінде кемшілік бар. | Герантология ғылымы бойынша негізгі ақпарат көздері аз, сенімділігі төмен. ЖИ материалдарын өзіндік өңдеу жетіспейді. | Өзіндік жұмыстың орындалу барысында ақпарат көздері пайдаланылмаған немесе сәйкес емес. |
| **Шешімдер ұсынуы және сауаттылығы** | Шешімдері негізді, нақты ұсыныстар бар, сауатты тілмен жазылған. | Шешімдер ұсынылған, тілдік қателері аз. | Өзіндік жұмыстың орындалуында автордың ұсыныстары жалпылама, тілдік қателері бар. | Өзіндік жұмыстың орындалуында шешім қарастырылмаған, сауатсыз жазылған. |

**4-БӨЖ: Тапсырма атауы: Еліміздегі «Белсенді ұзақ өмір» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы: тәжірибелер мен перспективалары**

**Қарастыратын мәселелер:** Бағдарламаның маңыздылығы, мақсаты мен міндеттері; Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары бойынша қамтылатын бағыттар; Орталықтардың тәжірибелері бойынша нәтижелер; Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары бойынша жаңа ұсыныстар
**(АБ 100%-ның 25%) (25 балл)**

| Критерий | «Өте жақсы» 20-25 % | «Жақсы» 15-20% | «Қанағаттанарлық» 10-15% | «Қанағаттанарлықсыз» 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| **«Белсенді ұзақ өмір» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуын талдау мүмкіндігі:** | Еліміздегі «Белсенді ұзақ өмір» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы" тақырыбы аясындағы мәселелер жан-жақты қамтылған, жұмыс өзекті мысалдармен толықтырылған. | Тақырып бойынша негізгі мәселелер қамтылған, бірақ кейбір аспектілерді тереңірек ашқанда толыққанды жұмыс болар еді. | Өзіндік жұмыс тақырыбының зерделенуі үстірт қарастырылған, кей мәліметтер жетіспейді. | Өзіндік жұмыс тақырыбы дұрыс ашылмаған, маңызды аспектілер қаралмаған. |
| **Мәліметтер алынған дереккөздердің сапасы:** | Өзіндік зерттеу жұмысы бойынша негізгі ұғымдар мен тарихи даму кезеңдері нақты сипатталған, деректермен негізделген. | Ұғымдар түсіндірілген, тарихи дереккөздер интернет материалдарымен шектеулі. Жаңа материалдармен толықтырылғанда өз деңгейінде орындалғанда ғана саналады. | Тақырып бойынша негізгі ұғымдар мен тарихи шолуда нақты еместік байқалады. Сілтемелер нақты емес. | Зерттеу тақырыбы бойынша ұғымдар мен тарихи шолу жоқ немесе дұрыс емес. |
| **Аналитикалық дағдылары:** | Өзіндік зерттеу жұмысы бойынша жұмыс құрылымы анық, академиялық стиль сақталған, грамматикалық қателер жоқ. Сауаттылыққа мән берілген. | Өзіндік зерттеу жұмысының құрылымы сақталған, аздаған тілдік қателер бар. ЖИ материалдарын өзіндік өңдеу қажет. | Өзіндік зерттеу жұмысы бойынша құрылым әлсіз, тілдік және стилистикалық қателер кездеседі. | Жұмыстың құрылымы бұзылған, сауатсыз жазылған. |
| **Құрылымы және рәсімделуі:** | Зерттеу тақырыбы бойынша жеке көзқарас дәлелді, жаңашыл ой-пікірлер мен тұжырымдар ұсынылған. | Өз пікірлері бар, бірақ толық негізделмеген. | Өз ойы мардымсыз, пайымдауы нақты емес. ЖИ материалдарын өзіндік өңдеу жетіспейді. | Өзіндік көзқарас жоқ, ой-тұжырым кездеспейді. |